

Маженова Ж.

аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
e-mail: mazhenova1981@gmail.com

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНДА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Экологиялық туризм» термині жаңа және көп қырлы. Туризм индустриясы әртүрлі экожүйелердегі қызметтерге байланысты. Осы мақалада біз экологиялық туризм түсінігімен табиғи, тарихи, мәдени нысандарға экскурсиялар ұйымдастыру, Оңтүстік Қазақстан облысының таулы аймақтарында ежелгі қазақ халқының дәстүрлері мен мәдениетін, тұрмысын көрсету.

Бұл мақалада Қазақстандағы ежелгі және атақты Ақсу-Жабағылы қорығының буферлік (қорғалатын) аймағында, көлемі 131933,8 га Батыс Тянь-Шаньның теңіз деңгейінен 1000 нан 4000 метрге дейінгі таулы аймақтарында экологиялық туризмді дамыту перспективалары мен қорытындыларын (нәтижелерін) қарастыру. Қазақстанның ең көне қорығы – Орталық Азиядағы сирек кездесетін, тек осы аймақтарға ғана тән өсімдіктер мен жануарлардың отаны ретінде ЮНЕСКО-ның бақылауында. Теңіз деңгейінен 3000м биіктікте орналасқан қол жеткізбес ұңғымаларда тастарға ойылып түсірілген көптеген бейнелерден тұратын «сурет галереясын» табуға болады.

Басты ой-тұжырым ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жақын жерде экологиялық туризмді дамыту, Ақсу-Жабағылы қорығындағы ресурстарды қорғауда жергілікті халықтарға осы ресурстарды пайдалануға бағытталған.

Түйін сөздер: экология, туризм, ЕҚТА, саябақ, қорық, технология, рекреация, аумақ, экскурсия, көпшілік, баламалы.

Маженова Ж.

Старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы, e-mail: mazhenova1981@gmail.com

Вопросы развития экологического туризма в Южно-Казахстанской области

Термин «экологический туризм» достаточно новый и многогранный. Индустрия туризма зависит от разнообразных экосистемных услуг. В настоящей статье под экологическим туризмом мы понимаем организованный сервис, включающий в себя экскурсии по природным, историческим и культурным объектам, демонстрацию быта, традиций и культуры коренного казахского населения горных регионов Южно-Казахстанской области.

В этой статье рассмотрены некоторые итоги и перспективы развития экологического туризма в буферной (охранной) зоне старейшего и самого известного в Казахстане заповедника Ақсу-Жабағлы, раскинувшегося на площади 131933,8 га горных территорий Западного Тянь-Шаня на высотах от 1000 до 4000 м над уровнем моря. Старейший заповедник Казахстана, а также первый в Центральной Азии, получивший статус биосферного заповедника и находится под контролем ЮНЕСКО. В труднодоступном котловане на высоте 3000 метров над уровнем моря находится еще одна достопримечательность заповедника своеобразная «картинная галерея», состоящая из множества рисунков, высеченных на темных блестящих камнях.

Основная идея развития экологического туризма вблизи особо охраняемой природной территории заключается использовать природные ресурсы, и заповедником Ақсу-Жабағлы местным населением, уже 80 лет эти ресурсы охраняющим.

Ключевые слова: экология, туризм, ООПТ, парк, заповедник, технология, рекреация, территория, экскурсия, массовый, альтернативный.

Mazhenova Zh.

Senior teacher, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: mazhenova1981@gmail.com

The issues of development of ecological tourism in South Kazakhstan region

The term "ecological tourism" is fairly new and multifaceted. The tourism industry depends on a variety of ecosystem services. In this article, environmental tourism, we understand the organized services, which includes tours of natural, historical and cultural sites, demonstrating the life, traditions and culture of indigenous Kazakh population th dark regions of the southern Kazakhstan region. This article describes some results and prospects of development of ecological tourism in buffer (protection) zone of the oldest and most famous in Kazakhstan Aksu-Zhabagly reserve, spread over an area of 131933,8 ha in the mountainous areas of Western Tien Shan at altitudes from 1000 to 4000 m above sea level. The oldest reserve of Kazakhstan and the first in Central Asia received the status of biosphere reserve and is under the control of UNESCO. In a remote ditch at an altitude of 3000 meters above sea level is another attraction of the reserve is a kind of "art gallery" consisting of a variety of figures carved on dark shiny stones. The basic idea of ecological tourism development near protected areas is to use natural resources, and Aksu-Zhabagly reserve by the local population, 80 years of protecting these resources. Key words: ecology, tourism, protected areas, Park, reserve, technology, recreation, territory, tour, mass, alternative.

Key words: ecology, tourism, SPNT, park, reserve, technologies, recreation, territory, excursion, mass, alternative.

Kіріспе

«Экологиялық туризм» терминінің көптеген түрлі анықтамалары бар, дегенмен халықаралық қолдануға оны мексикалық экономист-эколог Гектар Цебаласс-Ласкурейн енгізді. Атап айтқанда, ол экотуризмге келесі анықтама беруге: «біршама бұзылмаған табиғи аймақтар бойынша табиғи және мәдени көрнекті жерлерді оқып білу және ләззат алу мақсатында қоршаған орта алдында жауапкершілікпен саяхаттау. Ол табиғатты қорғауға себебін тигізеді, қоршаға ортаға «жұмсақ» әсер етеді, бұл іс-әрекетке жергілікті тұрғындардың белсенді әлеуметтік-экономикалық қатысуын және артықшылықтарға ие болуын қамтамасыз етеді».

Экологиялық туризм тұрақты болуы үшін туризмнің табиғи ресурсына негізделген. Тіпті экологиялық туризмнің анықтамаларында жетіспеушілік байқалады.

Экологиялық туризмнің өзіндік табиғи, мәдени көрікті жерлер, табиғи және табиғи-антропогендік ландшафтар тек ғана шартпен, дәстүрлі мәдени қоршаған ортаның біртұтас бөлігін құрайтын нысандар болып табылады (Маженова 2017: 297).

Экотуризм біздің ғасырдың тағы бір дилеммасын жақсартуға жауапты. Жиырмасыншы ғасыр заманауи индустриалды қоғам қысымынан ежелгі халықтардың бай мәдени мұрасының жылдам апатты жойылуын көрді. Экологтар бұл адами, экологиялық қасірет деп қарастырды. Туризмге экономикалық бірлестіктердің қайта келуімен адамзаттың мәдениеттерін құрметтеуді және сақтауды ұсынды (Stephen: 2008).

Әлемдік ресурстар институтының деректері бойынша, табиғи туризм шамамен 30%-ға, ал көпшілік туризм 4%-ға өсіп отыр (Lindberg:1991). Бірақ осы өсім бірнеше есе ұлғайтылуы мүмкін, қоршаған ортаны қорғау саласында тарихи басым аймақтармен байланысты табиғатқа саяхаттап шығудың бір түрі ретінде, «кала өмірінің қысымынан» адамдардың табиғатпен жалғыз қалуына түрткі болды, осылайша, ұлттық саябақтар мен басқа да қорғалатын аймақтарда келушілер саны өсуде (Lascurain:1990).

Табиғи туризмнің бірнеше топтары бар, олардың әрқайсысы осы өлшемдерінің тіркесімен пайдаланылады. Құстарды бақылау, мысалы, табиғатпен байланысты «табиғатты бақылау барысында әсер алу» (Valentine:1991), және бұл іс-әрекетті табиғи ортасыз жүзеге асыру мүмкін емес. Дәл осындай кемпинг-бұл қызмет/ тәжірибе, табиғат салдарынан жиі ұлғайып отырады. Бір жағынан адамдардың көпшілігі жол торабтары жиі орналасқан жерде емес табиғи жағдайда немесе лагерлерді жөн көреді. Сондықтан, табиғат осы тәжірибенің ажырамас бөлігі болып табылады (Косолапов 2005: 23).

Экотуризм ұлттық туристік индустрияның туристік санатында ең жоғарғы табыс әкелетін, оның ішінде, аймақтарды жоспарлау және дамыту мәселелерін, операторлардың міндеттері мен озық тәжірибесі, стратегиялық басқару және жергілікті қоғамның рөлінде кәсіби және салалық маңыздылығы ерекше болып табылады (Weaver: 2008).

Жабайы табиғатты бақылау аясындағы туризм аумағында (мысалы: сафари, таулы аймақ) популяциялар түрін қолдау үшін адам аяғы сирек басқан және ерекше экожүйелер талап етіледі. Орманды және таулы аудандарда орналасқан ұлттық саябақтарда қолданыста бар экожүйелерге келушілер үшін демалыс, білім мен мәдени тәжірибелерін және қызметтерін ұсынады (МЕА: 2005).

Көптеген адамдар физикалық жаттығуларды, сол сияқты, жорықтарды, экологиялық – ағартушылық мақсаттарда велосипедтер мен байдаркаларда сырғанауды экотуризммен байланыстырады. Жергілікті халықтардың әдет-ғұрыптары мен азық-түлік өнімдерін пайдалану тәжірибесі жергілікті фауна мен флораны зерделеп оқып-білумен тікелей байланысты. Осылайша, туристік қызметтер жоғары бағаланып отыр (Swanson: 1992). Туризмнің басқа да дәстүрлі түрлерінен экотуризмнің айырмашылығы, өзінің саяхатты ынталандыру негізіндегі бірегей экоорталықтарында біліммен қатар, жеке өсу және басқа да ішкі құндылықтарымен байланысты. Экотуристердің айырмашылығы «физикалық және психикалық деңгейлерді қатаң жоғары» алға қойып ішкі құндылықтарды жандандырып мақсатқа жетуге бағытталған (Williams: 1990).

Қазіргі уақытта республикамызда экотуризмді дамыту қажет, табиғатты қорғау міндеттерін және экономикалық даму талаптарын қоспағанда, әлеуметтік қажеттіліктерге байланысты, адамның физикалық және рухани жүктемелерінің төмендеуінен болып отыр (Алиева 2002: 18).

ЕҚТА-да турларды ұйымдастыру барысында экотуризмді тар және кең мағынасында қолданылуын айыра білу маңызды. Тар мағынада экологиялық туризм – бұл тек эколог– мамандар мен табиғаттың шынайы әуесқойларына бағытталған турлар.


Бұған мамандандырылған ғылыми экспедициялар және құстарды (бердвотчинг), жануарлар дүниесінің эндемиялық түрлерін және жабайы табиғаттың басқа да нысандарын бақылау жатады. Бұл туристердің көпшілігі бас кезінен экотуризмнің ұстанымдары туралы мәлімделінген, оларды сақтауға дайын және бүкіл дүние жүзі бойынша табиғаттың қозғалмаған орындарына тұру және жету жағдайларын қарамастан, баруға қызығушылық танытқан. Осыған орай, олар экотуризмнің ұстанымдарын ұсынатын мамандандырылған экотурлар мен туроператорларға бағдарланған. Туристердің бұл санаты бұрынғыдай айтарлықтай аз болып

қалады, алайда турға қатысушылар тарапынан табиғатқа қалай қарау керек және жауапты қарым-қатынасты қалыптастыру жағынан аса ерекше маңызы бар, яғни елдегі экотуризмнің «жаңа сәнін шығарушы» ретінде маңызды. Бұл мағынада Қазақстан онымен байланысты едәуір көліктік шығындарға қарамастан халықаралық туризм үшін өте тартымды болып көрінеді, бірақ бұл үшін елімізде экологиялық бағытталған түрөнімдердің бар болуы қажет. Соңғысы баратын орындардың, яғни бірегей табиғи нысандардың және ЕҚТА-тардың болуын ғана емес, сонымен қатар туроператорлар тарапынан сәйкес қызмет көрсету пакетін, соның ішінде экотуризмнің халықаралық және ұлттық сертификатауынан өткен қызметтерін, ұсыну мен қамтамасыз етуді ұйғарады. Экотуризмнің бағыты аса кең ұғымында туристік қызмет түрлерінің айтарлықтай үлкен көлемін қамти алады – ұзақ мерзімді ғылыми экспедициялардан қала тұрғындарының демалыс күндері табиғаттағы қысқа мерзімді демалыстарына дейін. Бұл жағдайда біз экотуризмнің дербес түрлерімен емес, ал экотуризм ұстанымдарының негізінде ұйымдастырылған табиғи туризмнің түрлерімен жұмыс жүргіземіз (ғылыми, танымдық, қызықты оқиғалы, спорттық, ауылдық және т.б.). Экотурлардың мұндай түрлеріне қатысты туризмді экосертификаттаудың халықаралық және ұлттық жүйелері қолданыла алады. Атап айтқанда, табиғи туризмнің австралиялық сертификаты іспеттес сертификаттар қолданылуы мүмкін және аса жоғары деңгейдегі сертификаттарға біртіндеп көшу қарастырылады. ЕҚТА-ға барумен лайықты турларға бағытталған тұлғалар санаты өздерінің мақсатты бағыттарына байланысты айтарлықтай ажыратылады, мысалы, ғылыми, оқу-танымдық және рекреациялық. Ғылыми экотуризм (ғалымдар экспедициялары, студенттердің дала практикалары және ғылыми мақсатта табиғатқа шығу) мамандардың шағын ортасын қамтиды және туроператорлар мен турагенттердің қызметін әр уақытта қолданып, керек етпейді. Бұл жағдайда табиғатқа шығу ғылыми ұйымдардың, арнайы жоғары және орта оқу орындарының, мемлекеттік ұйымдардың тікелей қатысуымен, сонымен қатар ЕҚТА әкімшіліктерімен келісімнің негізінде ұйымдастырылады.

Қазіргі уақытта оқу-танымдық туризм (бердвотчинг, мектеп экскурсиялары, бейне– және суретке түсіру мақсатындағы саяхаттар) дала жағдайларында табиғатты зерттейтін табиғат сүйушілердің, мектеп оқушыларының айтарлықтай шағын ортасымен жүзеге асырылады,

алайда урбанизациялаудың қазіргі жағдайында даму үшін айтарлықтай потенциалы бар. Ол туристік ұйымдардың және кәсіпқой экскурсия жетекшілердің қызмет көрсетулерінің қатысуымен де жүзеге асырылады және ЕҚТА мен оқу орындарының арасында тікелей келісімі негізінде де ұйымдастырылады. Рекреациялық экотуризм табиғат аясында тынығуды ұсынады және табиғи туризмнің айтарлықтай көпшілік түрі болып табылады. Ол туристердің едәуір кең

ортасын қамти алады. Оның нақты мысалы ретінде альпинизмді, суда саяхаттауды, шатырлы лагерьде демалу, серуендерді келтіруге болады. Рекреациялық туризм туристік ұйымдардың әлде ұйымдастырылған ЕҚТА-дың қатысуымен, сонымен бірге туристердің табиғатқа өз бетімен шығуымен жүзеге асады. Төмендегі 1 суретінде субъектілер мен турлар түрлері бойынша табиғи туризмнің түрлері мен бағыттары сызба түрінде бейнеленген.



1-сурет – Табиғи туризмнің субъектілері, бағдарлары және түрлері
(Тонкобаева 2009б: 23)

Әлемде және Қазақстанда туристік саланың бәсекеге қабілеттілігі, тиімділігі жетіліп даму үстінде, болашақта одан әрі дамуының басымдықтары дәл осы экологиялық туризм болуы тиіс. Қазақстанда туризмді дамытудың келешегі бар, бірақ экологиялық туризмді дамыту бойынша сұрақтар жеткілікті зерттелмеген және бір жүйеге келтірілмеген, сондықтан да бұл облыстардағы кез-келген зерттеулердің тәжі-

рибелік және теориялық мәні зор (Тонкобаева 2009 а: 22).

Экотуризмнің негізгі мақсаттары: экологиялық білім беру, табиғат пен адамның өзара қарым-қатынас мәдениетін нығайту, табиғи ортада әдеп нормаларына дағдылануды үйрену, табиғат тағдырына және оның жеке элементтері үшін жеке жауапкершілікке тәрбиелеу, сондай-ақ адамның рухани және физикалық күшін

қалпына келтіру, табиғи орта жағдайларында демалуды қамтамасыз ету.

Сонымен қатар, экотуризмді дамытудың маңызды ынталандырушы факторы денсаулық сақтау мен күтім жасау, бұл үрдістің нәтижесінде ашық аспан астында белсенді демалу сәнді болып отыр (Исалдаева 2013: 56).

Өзінің табиғи, мәдени және тарихи байлығының ерекшелігімен Оңтүстік Қазақстан облысы әлемнің кез-келген көрікті аймақтарымен бәстесе алады.

Алғашқылардың бірі болып баламалы туризмнің үй-жайларда орналасу түрін анықтаған: баламалы туризмде «клиентке» үй ішінен немесе үй иесі жанынан тұрғын үй беріледі, мүмкіндіктер және басқа да қызметтер ұсынылады. Дегенмен, баламалы туризмді «көпшілік туризмнен» бірқатар айырмашылықтарын атап өтті: баламалы туризм (БТ) / КТ (көпшілік туризм) бұл— қонақтар үшін келушілерге, жеке тұлғаларға, отбасыларға немесе жергілікті қауымдастықтардағы жекеленген қызметтер жиынтығы. БТ/КТ негізгі мақсаты, қонақтар мен үй иесі арасында өзара түсінікті тікелей жеке / мәдени қарым-қатынастарды орнату болып табылады (Dernoi:1988).

XXI ғасырдың табалдырығында адамзат байлар мен кедейлер, аштықты, кедейшілікті, ауруды, сауатсыздықты, ең бастысы— қоршаған ортаны қорғау және өркениеттің болашағына тәуелді болып тұрған экологиялық жүйелердің деградациясымен бетпе-бет келіп отыр (Алиева 2013: 12).

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында экотуризмді кедейшілікке қарсы күресте, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты дамытуға жәрдемдесудің басты элементі ретінде мойындай отырып, маңызды шешім қабылдады (2012 жылғы 21 желтоқсан). БҰҰ Бас Ассамблеясы туризмді тұрақты дамытып жәрдемдесуге экотуризмнің кедейшілікпен күрес және қоршаған ортаны қорғаудағы рөлін күшейту құралы ретінде мойындайтынын бірауыздан қабылдады. Осылайша, «кедейшілікті жою және қоршаған ортаны қорғау үшін экологиялық туризмді ілгерілету» атты қарарында, экотуризмді дамытуға жәрдемдесу саясатын жүзеге асыру үшін БҰҰ-ға мүше мемлекеттермен «табыстардың пайда болуына, білім және жұмыс орындарын құруға, сондай-ақ, кедейшілікпен және аштықпен күресуге жәрдемдесуге» назар аударылды. Одан әрі, «табиғи аудандарда және био алуантүрлілікті сақтау және тұрақты пайдалану үшін, байырғы халықтар және жергілікті қауымдастықтар ре-

тінде қабылдаушы елдермен, туристер секілді табиғи және мәдени мұраны сақтау және құрметтеуге экотуризм көптеген мүмкіндіктерді ұсынатынын» атап өткен (UNWTO: 2013).

Зерттеу нысаны

Қазақстанда туристік саланы дамытудың басым бағыттарының бірі экологиялық туризм болып отыр.

Зерттеу нысаны ретінде Оңтүстік Қазақстан облысында орналасқан Ақсу-Жабағылы қорығындағы экологиялық туризмді дамыту жағдайын зерттеу.

Бастапқы деректер және зерттеу әдістері

«Ақсу жабағылы» қорығы бойынша атпен және жаяу жүретін бір күндік бағыт. Өзінің 75 жылдық мерейтойында қорыққа мамандардың айтуынша қорғалуы және жабдықталу деңгейі бойынша ТМД елдеріндегі ең жақсы деген баға берді. Қорық территориясында өсімдіктердің қызыл кітапқа енгізілген 16 түрі (Грейг қызғалдағы) бар. Құстың 58 түрі: ең сирек кездесетін бүркіт, кара құтан, көк қарға, жұмақ шыбын аулашығы. Бүгінде 55 арқар, 40 бас марал, Тянь-Шань аюлары және көптеген жануарлар бар. Қорықтың өсімдіктер және жануарлар дүниесімен жақынырақ танысқысы келетіндер ОҚО Түлкібас ауданы Жабағылы ауылындағы табиғат зоологиялық мұражайына бара алады. Мұнда олар аңдар мен құстардың жазылып алынған дауыстарын есітіп, дәл табиғат аясында жүргендей әсер алады. Бұл бағытқа Ванновка үңгіріне кіру және шатқалмен атқа мініп серуендеу бар.

Нәтижелері және талдау

Жергілікті халықтың осындай баламалы қызмет түрлерін дамытуды 2001 жылы «Жабайы табиғат» қоғамдық бірлестігінің бастамасымен және бірқатар халқаралық донорлық және волонтерлік ұйымдардың, атап айтқанда Еуропалық Одақ ТАСИС бағдарламасы, Еуразия қоры, Британ Волонтерлік қызметі, американдық Әлем Корпусы, СодБИ бизнес-инкубаторы, Ғаламдық Экологиялық Қоры, Қазақстанның Экофорумы және басқа да көптеген ұйымдар тарапынан қолдау тапты.

Қазақстанда алғаш рет экологиялық туризмнің үлгісі Оңтүстік –Қазақстан облысы Түлкібас ауданында жергілікті қауымдастықтарға негізделіп (Community based tourism – C) жүргізілген, кейбір елдерде туристерге өте танымал, мысалы, Коста-Рика, Филиппин немесе көрші

Қырғызстан. Жергілікті қауымдастықтарда бұл үлгінің дамытудың қағидасы, жергілікті халықты табиғаттан ресурстарды алу және оларды қайта қалпына келтіруде емес, пайда алу үшін, соның ішінде, экономикалық және адам аяғы сирек басылған табиғатты сақтауды үйрету. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде экологиялық туризмнің танымалдылығы артуда, экстенсивті ауыл шаруашылығынан-тау баурайларында мал бағу, орылған егістіктің орнын күйдірумен жерді жырту, шөп шабу, отын дайындау, тіпті саңырауқұлақтарды жинаудан бастап, жабайы өскен жемістерді және дәрілік өсімдіктерге дейін, – табиғатты сол қалпында сақтау мақсатында шетелдік туристерге көрсету.

«Жабайы табиғат» Қоғамдық бірлестігінің «Қонақжай Тянь-Шань» жобасы аясында жергілікті халықтардан, Ақсу-Жабағылы қорығының таулы аймақтарында орналасқан, Жабағылы – 2000 тұрғындары, Шақпақ Баба – 3500 тұрғындары, Иірсу-200 тұрғындары, Төңкеріс – 1500 тұрғындарымен бірнеше ауыл ұйымдастырылды. Осы адамдар арасында экологиялық туризмді дамытудың ой-тұжырымдамасына бастамашыл отбасылар анықталды, содан кейін алғашқы 3 жыл ішінде (2001-2003 жж.), ынталы топтар үшін интерактивті тренингтер сериясы тарихи қалыптасқан құндылықтардан бастап ой-пікірлерін қайта бағдарлау, мал шаруашылығы және егін шаруашылығынан, экологиялық туризмді дамыту арқылы табиғи қорықтарды сақтаудың жаңа идеологиясы ұсынылды. Жергілікті қоғамдастықтар үшін 50-ден астам оқыту тренингтері және курстар, оның ішінде негізгі туристік бизнестерге, клиенттерге қызмет көрсету, туристік индустрия кооперациясын, қаржылық есепке алу және бақылау, салық заңнамасы, маркетинг және жарнама, интернетті пайдалануға, өзінің туған өлке табиғатын білуге, салт-дәстүр, мәдениетін, ән-күй және би, тіпті қолөнер, аспаздық, вегетариандық асханасын (қазақ ұлттық асханасына мүлдем жат) оқытып үйретті. Оқыту «Қонақжай Тянь-Шань» жобасы аясында құралған командалармен тіл тасушылары арасындағы алты айлық ағылшын курстарымен мен тренингтерімен аяқталды. 2007 жылы «Жолнұсқаушылар мектебі» жұмыссыз жастар мен жоғарғы сынып оқушылары үшін, ауылдық туристік бизнеске ниет білдірушілер арасында жүргізу жоспарланып жүзеге асырылды.

2003 жылдан бастап «Қонақжай Тянь-Шань» жобасы өз тәжірибесінде жергілікті халықтарға тұрғын-үйді жалға беру, азық-түлік өнімдерін

және дәстүрлі сусындарды сату (қымыз, айран), жылқы және ерлерге арналған ертоқымды жалға беру, жергілікті гид –нұсқаушы жүргізушілерге сыйақы беруде қаржылық табыстар түрінде өз жемісін әкеле бастады. Ерекше танымалдылыққа ие туристер үшін арнайы ұйымдастырылатын қымыз-шоу деп аталатын фестивальдар, көшпенділердің дәстүрлі сусынын әзірлеуде шетелдік туристердің сусынды әзірлеудің барлық кезеңдеріне тікелей қатысуға және дәмін татуға мүмкіндігі бар, халық ән және би концерттері, ат спорты мерекелері, наурыз, жыл сайынғы қызғалдақтар мен Қымыз Саба фестивальдері (таулы жер бөктерлерінде қымыз өндірушілердің театрландырылған конкурсы) өткізіледі.

2003 жылы туристік маусымда (сәуір-қазан) «Қонақжай Тянь-Шань» жергілікті қауымдастықтардың негізіндегі жоба командасы 131 адам қабылдап қызмет көрсетілді, ал 2004 жылы – 1129 адам, 2005 жылы – 807 адам, 2006 жылы – 824 адамға қызметтер ұсынылған (www.wildnature-kz).

Ал 2017 жылғы статистикалық мәліметтер бойынша Ақсу-Жабағылы Мемлекеттік табиғи қорығында жануарлар мен өсімдіктер әлеміне бай оның ішінде, сүтқоректілер саны-52, құстар-267, бауырымен жорғалаушылар-11, қосмекенділер-3, балықтар-5, ал өсімдіктердің – 1 737 түрі кездеседі екен. 2017 жылғы статистикалық деректерге сүйенсек, Қазақстан Республикасы бойынша ЕҚТА өткізілген экскурсиялар саны 4 997 бірлікті құрайды, ал Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша 1 094 бірлікке тең (Стат. жинақ: 2017а: 51). Оңтүстік Қазақстан облысы Ақмола және Алматы облыстарынан кейінгі үшінші орынды иеленеді. Бұл мәліметтерге сүйенсек, Оңтүстік Қазақстан облысында экологиялық туризм деңгейі жоғары оның ішінде, Ақсу-Жабағылы қорығына келушілер санының жоғары екенін байқауға болады. Оңтүстік Қазақстан облысында тек экологиялық туризм бағыты бойынша ғана емес, сонымен қатар, тарихи-мәдени орындарға бару және аралау жақсы дамып келеді. Бұл туризм саласының облыс аумағында даму бағытын үшке бөліп қарастыруға болады. Біріншіден, облыс территориясында ежелден Ұлы Жібек жолынан келе жатқан жол тармақтарының орналасуы, екіншіден және жол жиегі инфрақұрылымы мен ондағы қызмет көрсету аялдамалары мен орталықтарының деңгейі, үшіншіден мұнда басқа облыс аймақтарымен салыстырғанда ауайының (сәуір-қазан айларында келушілерге қызмет көрсете алады) қолайлылығы (кесте 1).

1-кесте – Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың 2016 жылғы негізгі көрсеткіштері (Стат. жинақ: 2017б: 52)

№	Атауы	Табиғат қорғау мекемелерінің саны, бірлік	Заңды тұлғалар мәртебесімен	Жалпы алаңы, га	Келушілер үшін экскурсия ұйымдастырумен айналысатын қызметкерлер саны, адам	Өткізілген экскурсиялар саны, бірлік	Келушілер саны, адам
1	Қазақстан Республикасы	114	27	24 220 024,2	46	4 997	1 191 773
2	Ақмола	14	3	1 076 732	6	1 112	710 737
3	Ақтөбе	2	1	1 469 511	2	16	293
4	Алматы	19	7	3 570 676,8	16	1 868	159 809
5	Атырау	3	1	819 130	2	5	39 281
6	Батыс Қазақстан	3	-	160 000	-	-	-
7	Жамбыл	4	-	3 778 070	-	-	-
8	Қарағанды	12	2	340 658	2	584	31 955
9	Қостанай	5	2	818 941,1	2	56	441
10	Қызылорда	3	1	189 898,2	1	-	75
11	Маңғыстау	5	1	1 761 171	1	2	31
12	Оңтүстік Қазақстан	10	3	7 028 411,1	6	1 094	21 408
13	Павлодар	5	2	783 471	3	60	156 357
14	Солтүстік Қазақстан	16	-	430 131,1	-	-	-
15	Шығыс Қазақстан	11	4	1 980 899,9	5	200	71 386
16	Алматы қаласы	2	12 323		-	-	-

Туризм саласының Қазақстан Республикасының кез-келген облыстарында даму бағыты бұл облыстың географиялық орналасу ерекшеліктерімен және облыстың қаржылық деңгейіне байланысты. Қазақстан Республикасында алғашқы туристік-ақпараттық орталығы Шымкент қаласында ашылды (ТАО) – “Ontustik Tourism Center” туристерді “жалғыз терезе” қағидасы бойынша қызмет көрсетеді. Орталыққа келушілер осы жерден қажетті, сондай-ақ аймақтың туристік нысандары мен көрікті орындары туралы ақпарат пен шығарып салу секілді қызметтерді тегін ала алады. ТАО бюджеттік ұйым болып табылады. ТАО директоры Ж. Тулебековтың айтуы бойынша бюджеттен қаржыландырудың жалпы сомасы – 85 млн теңгені құраған. Орталыққа келушілерге барлық ақпараттық, анықтамалық және ке-

нес беру қызметтері тегін көрсетіледі. ТАО “Ontustik Tourism Center” – бірегей мекеме, онда аймақтың барынша шоғырланған туристік әлеуетін дамытудың және ілгерілетудің, туристік бағдарлар туралы ақпараттар беруде ақпараттық-анықтамалық қызметтер көрсету басты қағидасы болып табылады. Бірінші кезекте ол туристерді жан-жақты қолдау және ақпараттық қамтамасыз етуге бағытталған. ТАО Call Centre билеттерді брондау, бағдарлар мен турлар ұсынуда құқықтық және визалық көмек көрсету тәулік бойы жұмыс істейтін болады. Бұл үшін көші-қон полициясының өкілдері, туроператорлар, жол нұсқаушылары мен экскурсия жетекшілері, көлік компанияларының өкілдері осында орналасқан. Осылайша, келушілерге барлығы бір жерде “бірыңғай терезе” қағидасы бойынша туристік қызмет көрсету кешенін алуға мүмкіндіктері бар.

Мекеме директоры Жасұлан Түлебеков атап көрсеткендей, ТАО басты ерекшелігі осында: республиканың бір де бір өңірінде мұндай орталық жоқ. Сондай-ақ, ТАО ОҚО және Шымкент қаласының қоғамдық өмірі және мәдени оқиғалары және қызмет көрсету индустриясының нысандары туралы өзекті және расталған ақпараттарды ұсыну, туристер үшін ақпараттық деректер базасын үнемі жаңартылуы бойынша жұмыс жасауда. Сонымен қатар, орталық міндеттерінің бірі оқиғалық іс-шараларды жүргізуге жәрдемдесу және ұйымдастыру болып табылады. Бұдан басқа, ТАО ОҚО туристік беделінің ілгерілету, болашақта оның одан әрі дамытуға ұсыныстар әзірлеу және облыстың туристік әлеуетін талдау, зерттеумен, аймақтар туралы таныстыру билбордтары мен бейнероликтерін әзірлеумен, туристік компаниялар, турбизнесік нысандар мен басқа да мейманханалар туралы ақпараттар таратумен айналысады.

«Ontustik Tourism Center» міндеттерінің бірі 500 ірі туроператорларға турбағдарлар ұсынумен, шет елдік туристік орталықтармен бірігіп жұмыс жасау кіреді. Орталықтың тағы бір бағыты туризм саласына инвестициялар тарту, аймақтың туристік зәкірлік жобаларын іске асыруға жәрдемдесу болып табылады. Облыстық әкімдіктің баспасөз қызметінің ақпараты бойынша, қазір туризмді облыста дамытудың үш зәкірлік туристік жобалары іске асырылуда: Қожа Ахмет Яссауи кесенесінің төңірегіндегі туристік нысандарды салу және абаттандыру (тарихи-мәдени туризм, жобаға бюджеттік салымдардың ұсынылатын соммасы 2,3 млрд

теңгені, жеке – 5,4 млрд теңге), «Жаңа Сарыағаш курорттық қалашығының құрылысы» (емдік-сауықтыру туризмі, жоспарланған жалпы инвестициялар сомасы – 170 млн доллар) және Төле би ауданында «Қасқасу» туристік-рекреациялық орталығының құрылысы (тау шаңғы туризмі, жобаны іске асыруға бюджеттен 450 млн теңге бөлінген, инвестициялардың жалпы сомасы – 8 млрд теңге) (кесте 2). Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне жыл сайын шамамен 1 млн. адам келеді. Өсу әлеуеті жылына 5 млн. адамды құрайды. Мұнда қаланың туристік инфрақұрылымын дамытуға капитал салу үшін үлкен мүмкіндіктер ашылады. Жоба бойынша шығыс базарының құрылысы, қонақтар түнейтін орындар, шығыс стиліндегі тамақтандыру нысандары, сондай-ақ этно ауылдар құрылыстары жоспарлануда. Екінші басымдылық бойынша облыстың туристік нысаны – «Сарыағаш» санаторлық-курорттық аймағы – жыл сайынғы келушілер санының көлемі 30-35 мың. адам. Жобада қонақ үй бизнесі нысандарының, қонақ үй кешендерін, СПА-орталықтар, ашық және жабық бассейндердің, аквапарктердің, шығыс базары және сауда-ойын сауық орталықтарының әртүрлі құрылысы» қарастырылған.

Оңтүстік Қазақстан облысында ашылған туристік орталық облыс аумақтарындағы туризмді оның ішінде, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы экологиялық туризмді дамытудағы рөлі айтарлықтай ерекше. Сондай-ақ, оның туризм саласында кәсіпкерлікті дамыту алаңы ретінде, оның ішінде ауылдық туризм, этно және экотуризм көзделіп отыр.

2-кесте – Туризм саласындағы қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері, млн. теңге (Стат. жинақ: 2017, 676)

Атауы	2012	2013	2014	2015	2016
өндірілген өнім мен көрсетілген қызметтердің көлемі					
Табиғи қорықтар қызметі, жабайы табиғатты қорғау	170,0	314,5	1 466,4	1 147,1	1 626,9
өнімдерді өткізу мен қызметтер көрсетуден түскен кіріс					
Табиғи қорықтар қызметі, жабайы табиғатты қорғау	–	-	1 121,2	1 147,1	1 700,4
Шығыстар					
Табиғи қорықтар қызметі, жабайы табиғатты қорғау	-	-	1 040,4	1 581,1	3 298,8

Елде ішкі туризмді дамытудың бір бағыты – Оңтүстік Қазақстан облысы. Жергілікті адамдар мұнда қасиетті орындарға қажылыққа барады,

шетелдік туристер – ежелгі қалаларға саяхат жасайды. Бірақ көпшілігі қызметтің сапасына риза емес. Қазақстанның туризм индустриясын

дамытудың басты мәселесі ақпараттың жетіспеушілігі болып табылады. Шетелдік туристер Қазақстанда көруге болатын орындар бар екенін білмейді, сондықтан Қазақстан олармен байланыс орнатудың жолын табуы керек.

Оңтүстік Қазақстан облысында экологиялық туризм дамытуда экосайттар, Қазақстанның туристік қауымдастығымен және Экотуризмнің ақпараттық-туристік орталықталығымен бірлесіп жұмыстар атқарылып жатыр. Басқа облыстармен салыстырған жақсы дамып келеді. Әсіресе Ақсу Жабағылы қорғалатын аумағында және көршілес ауылдарда жеке шаруашылықтармен және шаруа қожалықтары өз үлестерін қосып көркейтіп жатыр.

Қорытынды

Табиғатта экологиялық туризмнің дамуына оң әсері анық: тау баурайларында мал саны азайды, өйткені экономикалық мақсатқа сәйкес жергілікті халық шаруашылық ауыр еңбектен шетелдік клиенттерге қызмет көрсету бойынша «таза, интеллигентті» жұмысқа ауыса бастады (Бабкина 2008: 245).

Осылайша, Ақсу-Жабағылы қорығының танымалдылығы, клиенттерге қызмет көрсету мәдениетінің өсуі және қызмет спектрінің кеңеюінен келушілер саны артып келеді, оның ішінде «ішкі» туристер деп аталатындар, жергілікті салт-дәстүрге және табиғатқа посткеңестік менталитетке қатысты жанжалды жағдайларға жиі итермелейді. Қазірдің өзінде Сталактит

үңгіріне және Кіші Қайыңды шатқалындағы сарқырама, Ақсу өзеніндегі каньоны – бірқатар танымал табиғи сайттарға баруға шектеулер қойылған және бірқатар мәселелері бар. Бұл бір жағынан. Екінші жағынан, қызмет көрсетуге ауысқан кезде жергілікті халықтар өзінің ұлттық тамырынан алыстап кетеді, клиенттерден ақша алу мақсатында дәстүрлерін шоу ретінде ұсынады. Мүмкін, келесі қадам фанерлі-бутафорлы ауылы. Осы мәселемен қазірдің өзінде бірқатар елдердің жергілікті қауымдастықтары айналысады. Бүгінгі Жабағылы ауылында тағы да бір қауіпті тенденциясы экологиялық туризмге жұмылдырылған бай қоғамдастықтың жіктелуі және кедей дәстүрлі шаруашылығына куә болып отырмыз. Бұл қоғамдастық ішіндегі жанжал емес, бұл табиғатты сақтау қаупі, өйткені бәріне жететін көп туристер шақыруға тура келеді.

Барлық жоғарыда келтірілген мысалдар, адами қоғамдастық – бұл табиғи экожүйелердің ажырамас бөлігі, өте жұқа тепе-теңдікте тұр және мұндай жұқа тетіктің менеджменті, «табиғат-қауымдастық» жүйесі болып табылады.

Қазіргі кезде, Қазақстан Республикасында жоғары тиімді қазіргі заманғы туризм индустриясын құру міндеттері шешілуде, онда экологиялық туризмді дамыту мәселелерін қарастыру ең өзекті мәселе болып отыр. Өйткені көптеген жылдар бойы, біздің республика аумағында ауыл шаруашылығы немесе өнеркәсіпте жерді пайдалануға қарағанда әлдеқайда көбірек табысты туристік қызмет оның ішінде, экологиялық туризм әкелуі мүмкін.

Әдебиеттер

- 1 Алиева Ж.Н. Экологический туризм: учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2002. – 18 с.
- 2 Алиева Ж.Н., Аблеева А.Г., Калиаскарова З.К. Экологический туризм и его роль в устойчивом развитии. Вестник КазНУ. Серия экологическая. № 2/1 (38). 2013.
- 3 Бабкина А. В. Специальные виды туризма: учебное пособие. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 245с.
- 4 Ceballos-Lascurain, H. Tourism, ecotourism and protected areas. 1990.
- 5 David Weaver. Ecotourism: Wiley, 2008.
- 6 Derno, L. A. Alternative or community based tourism. In Tourism – a vital force for peace (eds L. D'Amore and J. Jafari), L. D'Amore:Montreal. 1988.
- 7 Исалдаева С.Ж., Тажибаева Т.Л. Экологический туризм как фактор устойчивого развития Казахстана Вестник КазНУ. Серия экологическая. Қазақ университеті №2/1 (38). 2013
- 8 Маженова Ж. А., Сарсембекова З. К. Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту мәселелері. Хабаршы, география сериясы. –Алматы: Қазақ университеті, 2017. -№1 (44). 2976.
- 9 Қазақстан туризмі 2011-2016. Статистикалық жинақ. Астана, 2017. – 86 б.
- 10 Косолапов А.Б. Теория и практика экологического туризма: учебное пособие. – М.: КНОРУС, 2005. – 223 с.
- 11 Lindberg T. Policy for maximizing ecological and economic benefits of nature protection tourism. The international working draft on financing of nature protection activity, Institute of world resources: New York. 1991.
- 12 <http://www.wildnature-kz.narod.ru/ecotourism.htm>
- 13 Session of the Commission of National Parks and Protected Areas, Perth, Australia, 1993.
- 14 Stephen W., J. Neil . Ecotourism: Impacts, Potentials and Possibilities. 2008.

- 15 Swanson, M. A. Ecotourism: embracing the new environmental paradigm. Paper presented at the International Union for Conservation of Nature and Natural Resources (IUCN) IVth World Congress on National Park and Protected Areas, Caracas, Venezuela, 1992.
- 16 Тонкобаева Ә. жалпы редакциясымен. Қазақстанда экологиялық туризмді дамыту жөніндегі жетекшілік. Алматы, 2009. – 69 б.
- 17 The Millennium Ecosystem Assessment (MEA) 2005.
- 18 UNWTO. Генеральная Ассамблея ООН. 2013 г.
- 19 Valentine, P.S. Ecotourism and nature conservation: a definition with some recent development in Micronesia. In Ecotourism: incorporating the global classroom (ed. B. Weiler), Bureau of Tourism Research: Canberra. 1991.
- 20 Williams P. Ecotourism management challenges. In Fifth Annual Travel Review Conference Proceedings. Washington, 1990.
- 21 Экологический туризм. Информационное пособие под ред. Фонда развития экотуризма «ДЕРСУ УЗАЛА». – Волгоград, 2012. – 304 с.

References

- 1 Alieva Zh.N. (2002) Ecologyilyk turizm: [Ecological tourism]. Uchebnoe posobie Almaty: Kazak universiteti. – p 101.
- 2 Aliyeva Zh.N., Ableeva A.G., Kaliaskarova Z.K. (2013) Jekologicheskij turizm i ego rol' v ustojchivom razvitii [Ecological tourism and its role in sustainable development]. – Vestnik KazNU. Serija jekologicheskaja. No. 2/1 (38). 2013
- 3 Babkina A. V. (2008) Special'nye vidy turizma: [Special types of tourism]. Uchebnoe posobie-Rostov-na-Donu, p 252.
- 4 Ceballos-Lascurain, H. (1990) Tourism, ecotourism and protected areas [Tourism, ecotourism and protected areas]
- 5 David Weaver. (2008) Ecotourism [Ecotourism]. Wiley.
- 6 Derno, L. A. (1988) Alternative or community based tourism. In Tourism – a vital force for peace (eds L. D'Amore and J. Jafari) [Alternative or community based tourism. In Tourism – a vital force for peace (eds L. D'Amore and J. Jafari)]. L. D'Amore:Montreal.
- 7 Isaldayeva S.Zh., Tazhibayeva T.L. (2013). Ekologicheskij turizm kak faktor ustojchivogo razvitia Kazahstana [Ecological tourism as a factor of sustainable development in Kazakhstan]. Vestnik KazNU. Serija ekologicheskaja. Kazak universiteti №2/1 (38). 2013
- 8 Mazhenova Zh., Sarsembekova Z. (2017). Kazakstanda ecologyilyk turizmdi damity maseleleri [Actual problems of development of ecological tourism in Kazakhstan]. Habarshy, geografija serijasy. –Almaty: Kazak universiteti, 2017. -№1 (44). p 297.
- 9 Kazakstan turizmi 2011-2016 (2017) Statistikalık zhınak [Tourism of Kazakhstan]. Astana, 86 p.
- 10 Kosolapov A.B. (2005) Teoria i praktika ekologicheskogo turizma [Theory and practice of ecological tourism]. Uchebnoe posobie– M.: KNORUS, p 240.
- 11 Lindberg T. (1991). Policy for maximizing ecological and economic benefits of nature protection tourism [Policy for maximizing ecological and economic benefits of nature protection], The international working draft on financing of nature protection activity, Institute of world resources: New York
- 12 <http://www.wildnature-kz.narod.ru/ecotourism.htm>
- 13 Session of the Commission of National Parks and Protected Areas (1993) [Session of the Commission of National Parks and Protected Areas]. Perth, Australia.
- 14 Stephen W., Neil J.. (2008) Ecotourism: Impacts, Potentials and Possibilities [Ecotourism: Impacts, Potentials and Possibilities]. 2008.
- 15 Swanson, M. A. (1992) Ecotourism: embracing the new environmental paradigm [Ecotourism: embracing the new environmental paradigm]. Paper presented at the International Union for Conservation of Nature and Natural Resources (IUCN) IVth World Congress on National Park and Protected Areas. Caracas, Venezuela.
- 16 Tonkobaeva A. zhalpy redaksiysymen (2009) Kazakstanda ecologyilyk turizmdi damity zhonindegi zhetekchilik [The guide to development of ecological tourism in Kazakhstan]. Almaty, p 69.
- 17 The Millennium Ecosystem Assessment (MEA) (2005) [The Millennium Ecosystem Assessment (MEA)].
- 18 UNWTO (2013) UN General Assembly.
- 19 Valentine, P.S. (1991) Ecotourism and nature conservation: a definition with some recent development in Micronesia [Ecotourism and nature conservation: a definition with some recent development in Micronesia]. In Ecotourism: incorporating the global classroom (ed. B. Weiler), Bureau of Tourism Research: Canberra. 1991.
- 20 Williams P. (1991) Ecotourism management challenges. In Fifth Annual Travel Review Conference Proceedings [Ecotourism management challenges. In Fifth Annual Travel Review Conference Proceedings]. Washington, 1990.
- 21 Jekologicheskij turizm (2012) [Ecological tourism]. Informacionnoe posobie pod red. Fonda razvitiya jekoturizma «DERSU UZALA». – Volgograd. p 304.